

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы жанама салық салу мәселелері бойынша халықаралық шарттардың қолданысын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттамаға қол қою және "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы 2000 жылғы 9 қазанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 тамыздағы № 940 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 127 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы жанама салық салу мәселелері бойынша халықаралық шарттардың қолданысын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттаманың жобасы мақұлданысын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы жанама салық салу мәселелері бойынша халықаралық шарттардың қолданысын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттамаға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы 2000 жылғы 9 қазанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 тамыздағы № 940 қаулысының күші жойылды деп танылсын

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

Жоба

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы жанама салық салу мәселелері бойынша халықаралық шарттардың қолданысын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы хаттама**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың күшіне енгенін және 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шарт пен 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу қағидаттары туралы келісімнің қолданысы тоқтатылғанын назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Хаттама күшіне енген күннен бастап мынадай халықаралық шарттар өз қолданысын тоқтатады:

2000 жылғы 9 қазанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісім;

2004 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында қол қойылған 2000 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама.

### **2-бап**

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама \_\_\_\_\_ қаласында бірдей күші бар екі данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК